

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 371,1; 373.1: 013

Қолжазба құқығында

**КУРАЛБАЕВА АЛИЯ АХМЕТКАРИМОВНА**

**Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын  
арттыру**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер  
Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Пралиев С.Ж.  
Психология ғылымының докторы,  
доцент Нихал Маматоглу  
Педагогика ғылымдарының  
докторы, доцент Ортаев Б.Т.

Қазақстан Республикасы  
Түркістан, 2014

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
	<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>6</b>
	<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>7</b>
<b>1</b>	<b>БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>15</b>
1.1	Оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесінің зерттелу деңгейі мен теориялық негіздері .....	15
1.2	Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда пәндерді интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздері.....	33
1.3	Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау - оқушылардың білім сапасын арттырудың дидактикалық шарттары .....	62
<b>2</b>	<b>ОҚУ ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>86</b>
2.1	Бастауыш сыныпта оқу пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттырудағы білім беру мазмұнының қазіргі жай-күйі .....	86
2.2	Бастауыш сыныпта пәндерді интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттырудың әдістемесі.....	103
2.3	Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын оқу пәндерін интеграциялау негізінде арттырудағы тәжірибелік-педагогикалық эксперимент мазмұны .....	122
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>137</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>141</b>
	<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>155</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана, 30 тамыз, 1995.

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012. [http://www.akorda.kz/kz/page/page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks\\_1357813742](http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742).

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №11 (28235) 18 қаңтар сенбі 2014. - 34 б.

«Диссертация мен авторефератты ресімдеу бойынша нұсқаулық». ҚР Жоғары аттестациялық Комитеті. БЖҒМ Алматы, 2004.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. –Алматы, 2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10 маусым, 2011.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар көрсетілген:

**Білім** – ойлау мен дүниені түзу құралы, яғни объективті шындық туралы қабылданған, саналы түсінілген, есте сақталып қалған және көрсетілген әдіс, үлгі бойынша әр түрлі таныс жағдайларда қолдану деңгейіне дейін меңгерілген ақпарат; адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдарының т.б. жиынтығы.

**Білім сапасы** - мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу арқылы әзірлігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік; оқыту/оқу материалдары мен іс-әрекет бойынша меңгерілген білімнің қасиет белгілерінің бірлігі.

**Білім беру сапасы** - білім алушылардың белгілі бір кезеңде қол жеткізген білім мен біліктілік, ақыл-ой, адамгершілік және дене тәрбиесі дамуының жоспарланған мақсатқа сәйкестік дәрежесі.

**Білім беру бағдарламасы** - білім беру мазмұны мен оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

**Дидактикалық жүйе** - оқыту мақсатына жету жолында қолданылатын бірыңғай, іштей тұтас құрылым мен элементтер жиынтығы.

**Жеке оқу жоспары (ЖОЖ):** Студенттің өзі жазылған пәндердің типтік оқу жоспары, элективті пәндер каталогы және оқу пәндерінің тізімі негізінде кредит саны немесе академиялық сағаты көрсетіліп әрбір оқу жылына өздігінен жасаған құжаты, жеке оқу жоспары нақты студенттің білім алу траекториясын көрсетеді.

**Интеграция** - латын тілінен аударғанда («integratio» сөзінің қазақша мағынасы қайта құру, толықтыру, «integer» сөзі «бүтін» деген мағынаны білдіреді.

**Интерпәндік интеграция** - жекелеген оқу пәндері ішіндегі, білім, білік және интеграция түсінігі.

**Интрапәндік интеграция** - екі немесе бірнеше пәндердегі түсініктердің, қағидалардың және деректердің т.б. синтезі.

**Интеграциялық сабақ** - оқу барысында бір түсінікті, тақырыпты және құбылысты бірнеше пәндер арқылы бір уақытта біріктіретін сабақтың ерекше түрі.

**Интеграциялық тапсырма** - оқу тапсырмаларының әр түрлілігі. Ол түрлі ғылымдардағы білім мен біліктіліктерді, түрлі пәндерді, тақырыптар мен мәселелерді синтездеумен ерекшеленеді. Бір нысанды немесе пәнді танып білу үшін, мәселені немесе бір сұрақты шешу үшін біріктірілуі.

**Интеграциялық курс** (элективті, тандау курсы, қосымша оқу пәндері және т.б.) - кешенді және басқа деңгейдегі сапада әр түрлі пәндердің элементтерін қамтитын автономды ғылыми пән.

**Құзыреттер** – білім алушының оқыту үдерісі кезінде алған білім, іскерлік және дағдысын іс-әрекетте практикалық тұрғыдан қолдана білу қабілеті.

**Құзыреттілік** - оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

**Модель** - (франц. modele, итал. modello, лат. modulus) - өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма.

**Оқу үдерісі** – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

**Оқу жоспары (ОЖ):** білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің тізімі мен көлемін, оқыту тәртібі мен бақылау түрін реттейтін құжат.

**Оқу жоспарының тұрақты бөлігі** - оқу жоспарының өзгертуге жатпайтын бөлігі. Оқушы тұлғасын жалпы адамзаттық мұраттар мен мәдени дәстүрлерге сәйкес қалыптастыруды қамтамасыз етіп, мемлекет аясында тұтас білім кеңістігін құрады.

**Оқу бағдарламасы:** әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге жататын білім, іскерлік және дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Педагогикалық интеграция** - педагогикалық теория мен практика айналасында жүзеге асатын ғылыми интеграцияның бір түрі.

**Пәнаралық байланыс** - оқыту мазмұнындағы білім мен іскерліктің адамның ақыл-ой өрісін дамытудағы, ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі жөніндегі ғылыми көзқарасты, оқу-танымды қалыптастырудағы, алған білімді өмірмен, қоғамдық тәжірибемен байланыстырудағы маңызды құралдардың бірі.

**Портфолио** білім алушының белгілі бір оқу кезеңіндегі оқу және әлеуметтік маңызы бар жеке жетістіктерін көрсететін тәсіл. Бұл тәсілдің көмегімен білім алушының бағытталған, жүйелі және үздіксіз бағалау мен өзін-өзі бағалау нысаны ретіндегі рефлексияға қабілеті белгіленеді және бағаланады.

**Пәнді оқыту нәтижелері** – игерілген білім, іскерлік, дағды және білім беру салалары бойынша құзыреттіліктер.

**Сапа** - бұл зерттелетін объект (зат, үрдіс, ақырғы нәтиже) қасиеттерінің талап етілген немесе күтілетін нәтижеге сәйкестік дәрежесін білдіретін ұғым.

**Оқыту сапасы** – білім алушылардың оқыту мақсаты мен міндеттері негізінде қойылған белгілі бір талаптарды орындау қабілеттілігі.

**Сапалы білім беру** - оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі.

**Субъект** - таным объектісі ретінде сыртқы әлемге төтеп бере алатын ізденімпаз, іскер, мақсаткер адам.

**Типтік оқу жоспары (ТОЖ):** оқыту тілі мен бағытына сәйкес тиісті білім беру деңгейі оқу пәндерінің тізбесін және көлемін реттейтін нормативтік құжат.

**Транспәндік интеграция** - білім мазмұнындағы негізгі және қосымша құрамдардың синтезі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР– Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті  
білім беру стандарты

БОПӘ - бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

ХҚТУ – Халықаралық қазақ-түрік университеті

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

лат. - латын тілінде

франц. – француз тілінде

итал. – италиян тілінде

Life Sci J - Life Science Journal

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Ұрпақ тәрбиесі адамзат баласының ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан асыл мұраты болып табылады. Елбасымыз Н.Назарбаев халқымыздың алдында ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті, жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұрғандығын нақтылап көрсетіп берді. Президентіміз мемлекетіміздің болашақта дамуына арналған «Қазақстан-2050» стратегиясында [1], білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары атты төртінші бағытында: оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің жаңа жүйелерін белсене дамыту керектігін, ал «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауында [2]: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деп Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтарының бірінде атап көрсетті.

Білім беруге қатысты Ұлт Көшбасшысының 2012 жылғы Халыққа Жолдауының («Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты») педагогтар үшін өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Елбасы мұнда басымдық берген бағыттардың ішінде, адам капиталына ерекше назар аударды, оның ішінде «Қазақстанда адами капитал сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты екендігін айта келіп, «Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ... бесіншіден, оқу жастарға тек білім ғана беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс; алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» - деп маңызды іс-шараларды атап көрсетті [3]. Бұл мәселелер білім меңгерту негізін құрайтын оқыту үдерісін ұйымдастыруды, білім сапасын арттыруды алға тартады.

Білім саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін және тұлғаны, мемлекетті индустриялық – инновациялық дамыту міндеттерін, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасының жоғары деңгейіне жету 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білімді дамыту бағдарламасының [4] мақсаты болып табылады.

Осы міндеттердің орындалуы, балаға, өмірге деген көзқарасы, қалыптастырылатын білім, білік, дағдысының алғашқы негізін жүзеге асыратын бастауыш мектеп оқыту үдерісі екені белгілі. Бастауыш мектептің жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде атқаратын ролі жоғары.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-

тәсілдерін, яғни жаңашыл мазмұндағы сабақтар өткізу болып табылады. Әсіресе, бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие барысында оқу материалдарын пәнаралық интеграция негізінде меңгерту мәселесі туындауда.

Әр түрлі ғылым негіздері мен пәндер байланысы арқылы оқытуда келешек ұрпаққа білімнің маңыздылығын, оның терең тәлім-тәрбиелік мәнін айқындап, өз шығармашылық еңбектерінде оларды сипаттап жазған философтар Платон [5], Аристотель [6], Гегель [7], И.Кант [8], шығыс ғұламалары Қорқыт ата [9], Әбу Насыр Әл-Фараби [10], Махмұт Қашқари [11], Жүсіп Баласағұн [12] және қазақ ойшылдары А.Құнанбаев [13], Ы.Алтынсарин [14], Ш.Уәлиханов [15], көрнекті қайраткерлер М.Дулатов [16], Ш.Құдайбердиев [17], А.Байтұрсынов [18], Ж.Аймауытов [19], М.Жұмабаев [20], тағы басқа ғалымдар мен ойшылдардың ғылыми тұжырымдары, идеялары әлі күнге дейін өз құндылықтарын жоймаған. Олардың еңбектерінде адам тәрбиесі мен білімінің, оқу-танымының қалыптасуы қоршаған орта, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас, тәлім мен тәрбиенің мақсаттылығы, берілетін білім мен ілімнің сапалы болуынан, ізденіс, талап, еңбек қаракеттерін жасаудан тұратындығы дәлелденген.

Жас ұрпақ тәрбиесі мен оған берілетін білімнің жан-жақты болуы әртүрлі ғылым негіздерін оқытуда интеграциялаумен қамтамасыз етіледі. Сондықтан интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру, тіл мәдениетін дамыту, солардың негізінде білім сапасын арттыру міндеті ғалымдардың, педагогтардың, әдіскерлердің алдына қойылған өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Осыған байланысты интеграция, интеграциялық оқыту мәселесі сан қырынан зерттелуде. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде пәнаралық байланыс мәселесін қарастырып, білім берудегі интеграцияны әр түрлі негізде жүзеге асыруға психолог - ғалымдар Л.С.Выготский [21], Г.С.Костюк [22], В.В.Давыдов [23] т.б.; педагогтар Б.М.Кедров [24], М.Г.Чепиков [25], П.Ф.Федосеев [26], Б.С.Гершунский [27], Э.И.Моносзон [28], И.Д.Зверев [29], В.Н.Максимова [30] және т.б зор үлес қосты. Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісінде интеграция мәселесінің педагогикалық негізі, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу, еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыру, мұғалім даярлау мәселесі тұрғысынан Р.Г.Лемберг [31], М.Ә.Құдайқұлов [32], Р.М.Қоянбаев [33], Т.С.Сабыров [34], А.А.Бейсенбаева [35], Т.К.Оспанов [36], Б.А.Тұрғынбаева [37], К.Ж. Жунусова [38], Р.К.Бекмағамбетова [39], Ж.И.Намазбаева [40], С.Н.Жиенбаева [41], К.Ж.Бұзаубақова [42], Ұ.М.Әбдіғапбарова [43], Г.К.Мендіғалиева [44], Ә.Мұханбетжанова [45], С.К.Ерімбетова [46], Д.С.Байгожанова [47], Н.А.Оразахынова [48], Г.К.Шолпанқұлова [49] Ә.Б.Түркіменбаев [50], Е.Б.Ауелбеков [51], Т.Б.Байназарова [52], А.К.Демеуов [53], және т.б. зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, білім сапасын арттыруға мол үлес қосты.

Тұлға ерекшеліктерін, бастауыш білім бағдарламаларын, интеграциялау мәселелерін, білім сапасын арттыру мәселелерін шетелдік ғалымдар Н.



Mamatoglu [54], Yücel GELİŞLİ, Özgün UYANIK [55], İsmail GELEN, Necla BEYAZIT [56] (Түркия), А.Я. Данилюк [57], Е.П. Асаулюк [58], Д. В. Зайцев [59], Н.М.Халимова [60] (Ресей), Lee Yong Tay, Siew Khiaw Lim, Cher Ping Lim, Joyce Hwee Ling Koh [61] (Сингапур), Tziafetas Konstantinos, Avgerinos Andreas, Tsampika Karakiza [62] (Грекия), Pàdraig Ó Duibhir, Jim Cummins (Ирландия) [63], Hartford Mchazime [64] (АҚШ), С. Ш. Туронов [65] (Тажикстан), Pam Sammons, Kathy Sylva, Edward Melhuish, Iram Siraj-Blatchford, Brenda Taggart, Sofka Barreau, Yvonne Grabbe [66] (Ұлыбритания), Laurens Kaluge, Setiasih, Harjanto Tjahjono [67] (Индонезия) зерттеген.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесінің теориялық негіздерін белгілі ғалымдар Я.А.Коменский [68], А.Дистервег [69], М.Н.Скаткин [70], И.Я.Лернер [71], В.В.Краевский [70], Т.Л.Коган [73], М.М.Поташник [74], С.Е.Шишов, В.А.Кальней [75], Ю.А.Конаржевский [76], М.Ж.Жадрина [77], С.Абдукадирова [78], т.б. өз үлесін қосты.

Бастауыш мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту, оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін жасау ең алдымен, әрбір оқушының жан-жақты дамуына, ойлау қабілетінің үздіксіз жетіліп, жаңа деңгейлерге көтерілуіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да жаңа талаптарға сәйкес, оқу пәндерінің мазмұнын, оқу-танымдық мүмкіндіктерін толығырақ пайдаланудың дидактикалық амалы – жақын пәндерді бір-біріне интеграциялай отырып оқыту негізінде білім сапасын арттыру үдерісін ізгілендіру болып табылады.

Пәнаралық байланыс/интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру арнайы зерттеу нысанында болмағандығы айқын. Елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай талабына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын пәндерді интеграциялау негізінде жетілдіру/дамыту мәселесі педагогикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді.

Бастауыш сынып оқу пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттыруға қатысты ғылыми зерттеулерді және әдебиеттер мен бастауыш сыныпта оқыту үдерісінің нақты тәжірибесін талдау барысында:

- қазіргі қоғам, жетілдірілген білім беру сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының білім сапасының жоғары деңгейін меңгеру қажеттілігі мен оны бастауыш сыныпта жүзеге асырудың педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі;

- бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын пәндерді интеграциялау негізінде арттырудың қажеттілігі мен оны бастауыш сынып оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру әдістемесінің болмауы;

- оқытудың қазіргі жағдайы мен бастауыш сынып оқу-тәрбие үдерісінде пәндерді интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы арасында **қарама – қайшылықтардың** бар екендігі анықталды.

Зерттеу проблемасының көкейкестілігі мен жоғарыда аталған қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру зерттеудің тақырыбын: **«Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру»** деп таңдауға себеп болды.

**Зерттеудің мақсаты:** Бастауыш сынып оқу пәндерін интеграциялау арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруды педагогикалық тұрғыдан негіздеу және оны жүзеге асырудың әдістемесін жасау.

**Зерттеу нысаны:** бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісі.

**Зерттеу пәні:** оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру үдерісі.

**Зерттеудің ғылыми болжамы.** Бастауыш сынып оқу пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын (процессуальдық тұрғыдан) арттыру, оқыту үдерісін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді, *егерде:* оқыту үдерісі және оны құраушылар дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оқу пәндерін интеграциялау негізінде ұйымдастырылса, оның әдістемесі жасалса, *онда* бастауыш сынып оқушыларында білім сапасының жоғары деңгейі қалыптасып, оқыту үдерісінің сапасы артады, *өйткені*, білім сапасының жоғары деңгейі мен оны жүзеге асыру әдістемесі бастауыш сыныптағы заманауи білім беру тәжірибелерімен іске асырылады.

**Зерттеудің міндеттері:**

- оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесінің зерттелу деңгейі мен теориялық негіздерін анықтау;

- бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда пәндерді интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау;

- бастауыш сынып пәндерін интеграциялауды - оқушылардың білім сапасын арттырудың дидактикалық шарттарын анықтау;

- оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудың әдістемесін тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізу және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

**Зерттеудің жетекші идеясы** - оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес оқыту үдерісінің оқу пәндері интеграциясы негізінде ұйымдастырылуы - бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды нәтижелі етеді.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Таным теориясы, жеке тұлғаны дамытудың тұлғалық-бағдарлық теориясы; жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық өзара бірлікте болу туралы философиялық, мәдени - әлеуметтік теориясы; оқушылардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру теориясы; оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс теориясы; ғылым мен практиканы интеграциялау теориясы.

**Зерттеу көздері.** Философтардың, психологтардың, педагогтардың дүние бейнесі, таным, білім, тұлға және оның мотивациясы, әрекет және оның субъектісі, белсенділік, танымдық іс-әрекет және шығармашылық, дамуды даралау және баланың өздігінен дамуы, жүйе, біртұтас педагогикалық үдеріс, интеграция, оқыту технологиялары жөніндегі еңбектері, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты, Білім беруді дамыту тұжырымдамалары, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар, автордың жеке іс-тәжірибелері.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі**

- оқушылардың білім сапасын арттыру мәселесінің зерттелу деңгейі мен теориялық негіздері анықталады;

- бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда пәндерді интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалады;

- бастауыш сынып пәндерін интеграциялау - оқушылардың білім сапасын арттырудың дидактикалық шарттары анықталады;

- оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудың әдістемесі тәжірибелік-педагогикалық экспериментте тексерістен өткізіледі және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалады.

**Зерттеу әдістері:** Философиялық, әдіснамалық, ғылымтану, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге теориялық талдау жасау, қойылған міндеттерді шешу және бастапқы болжамды тексеру үшін зерттеу әдістері мен әдістемелік кешенді қолдану: теориялық зерттеу әдістері; тікелей, қосалқы, ұзақ мерзімдік бақылау; сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер (тестілеу, мониторинг әдістері); әрекет нәтижесін талдау; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс; мәліметтерді сапалық және сандық сараптау; қорытындылау.

**Зерттеудің практикалық мәнділігі.** Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау арқылы білім сапасын арттыру үдерісінің мазмұны құрылды. Білім сапасын арттыруда бастауыш сынып пәндерін интеграциялап оқыту үдерісін дамытуға бағытталған «Пәндерді интеграциялау негізінде бастауыш сыныптарда білім сапасын арттыру» бағдарламасы енгізілді. «Интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру жолдары» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдері үшін бастауыш сыныптардағы білім беру сапасын арттыруға негізделген семинар жүргізілді. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған көмекші әдістемелік құрал дайындалып, тәжірибелік жұмыстар барысында қолданылды. Бастауыш сыныптарда пәндерді интеграциялау арқылы білім сапасын арттыру әдістемесі жасалып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, практикаға ендірілді.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Нәтижелерге бағытталған оқыту/оқу үдерісі - білім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағдарланады және педагогикалық үдерістегі «Білім», «білім сапасы» ұғымдарының мәні мен мазмұны бастауыш сыныпта оқытуды жетілдірудің әдіснамалық тұғырларын кіріктіреді (іс-әрекеттік тұғыр – оқушы білімінің құрылымын және мазмұнын меңгеру тетігін айқындауға мүмкіндік жасайды; жүйелілік тұғыр – мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің сабақтастығында қарастырылады; технологиялық тұғыр – оқушының өзінің өзгеруінің және түрлендіруші іс-әрекетінің негізі қалайды, оқыту үдерісін жобалау негізін түзеді).

2. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда пәндерді интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін білім меңгерту/меңгеру және білімді кіріктіру үдерісі бойынша психологиялық теориялар мен тұжырымдамалар (ассоциация), сондай-ақ педагогикалық үдеріс

жобасын түзетін, жүзеге асыратын педагогикалық (оқыту және тәрбие) технологиялар мен әдістемелер құрайды.

3. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы бастауыш сынып пәндерін интеграциялау - оқыту және педагогикалық жүйе құраушыларынан айқындалатын дидактикалық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

4. Педагогикалық тапсырмалар мазмұны, жетілдіріген құрылымға тән оқыту технологиясы, оқу іс-әрекеті тәсілдеріне баулу кезеңдері мен сабақты ұйымдастырудың дидактикалық құрылымына сәйкес оқыту үдерісінде білім сапасын арттырудағы өзгерістерді интеграциялауды қамтиды және жүзеге асырады.

**Зерттеу кезеңдері.** Алғашқы кезеңде зерттеу мәселесі бойынша тарихи, педагогикалық, философиялық, әдіснамалық әдебиеттерге талдау жасалынды, зерттеу проблемасы бойынша материалдар жинақталды. Пәнаралық байланыс, білімді интеграциялау туралы теориялық зерттеулер, бастауыш білім берудің теориясы мен практикасы, бастауыш мектептің оқу-әдістемелік құжаттары, мұғалімдер тәжірибесі талданды. Екінші кезеңде деректі материалдар жинау жалғастырылды және жүйеленді. Зерттеу мәселесінің бүгінгі таңдағы жағдайы анықталып, тәжірибелік-эксперимент жұмысы жүргізілді. Үшінші кезеңде жасалған теориялық тұжырымдар және оның технологиясы эксперимент арқылы тексерілді. Алынған нәтижелер практикаға ендірілді. Диссертация рәсімделуі аяқталды.

**Зерттеу базасы.** Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Эль-Фараби атындағы №10 жалпы орта мектебінде, С.Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейінде, №24 жалпы орта мектебінде, №21 жалпы орта мектебінде, және Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Ғани Мұратбаев мектебінде жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі мен сенімділігі.** Зерттеу қорытындыларының жалпы әдіснамалық негізде дәлелденуімен, нақты бірін-бірі толықтырушы ғылыми-эксперименттік әдістердің кешенді қолданылуымен, зерттеу жұмысының нәтижелері мақсатына және міндетіне, пәніне жауап берумен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, педагогикалық экспериментте қол жеткен нәтижелердің бастауыш мектеп практикасына енгізіліп, қолдау табуымен; алынған нәтижелердің әртүрлі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, мақұлданыуымен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тарих және педагогика факультеті, «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасында талқылаудан өтті. Аталған диссертацияның теориялық-әдіснамалық қағидалары, тәжірибе нәтижелері 2011-2014 жылдар аралығында өткен халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама жасалды: 1. Интеграциялық процестерді іске асыру жолдары// «Офицер-инженердің кәсіби маңызды қысиеттерін қалыптастыру. Әскери-педагогикалық аспектілер» атты ведомствоаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары/ Алматы қаласы, 2011. – Б 262-

264. 2. Оқу үдерісінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру жолдары// «Офицер-инженердің кәсіби маңызды қысиеттерін қалыптастыру. Әскери-педагогикалық аспектілер» атты ведомствоаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары/ Алматы қаласы, 2011. – Б 272-276. 3. Исторический обзор реализации интеграции в практике отечественной и зарубежной школы// Материалы международной научно-практической конференции «Образование и наука без границ», Польша 07-15 декабрь, 2011. – С 69-75. 4. Сущность понятия интеграции// Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные научные разработки», Чехия 17-25 январь, 2012. – С 12-14. 5. Интеграция научного познания// Материалы международной научно-практической конференции «Европейская наука и технологии», Германия, Висбаден 30-31 январь, 2012. – С 1220- 1223. 6. Integration of subjects at modern school as the pedagogical phenomenon// Материалы международной научно-практической конференции «Проблема международной интеграции национальных образовательных стандартов», опубликован в журнале International journal of experimental education №3, Франция (Париж)15-22 марта, 2012. – С 5-6. 7. Historical aspect of process of integration of subjects at modern school// Материалы международной научно-практической конференции «Приоритетные направления развития науки, технологий и техники», опубликован в журнале International journal of experimental education №3, Италия (Рим-Флоренция) 10-17 апреля, 2012. – С 5-6; 8. Бейнелеу өнеріндегі интеграциялық байланыстардың оқушылардың техникалық бағытталуына ықпалы// Материалы международной научно-практической конференции «Достижения высшей школы», Болгария 17-25 ноября, 2012. – С 38-42. 9. Пәндерді интеграциялау үдерісінің тарихи және мотивациялық сипаты// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ХАБАРШЫ журналы - №2(38), 2013. – Б 187-190. 10. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ХАБАРШЫ журналы - №3(39), 2013. – Б 250-253. 11. Integrated Subject Lessons of Self-Knowledge and World Knowledge in Elementary Classes// Oral Presentation ICHSS 2013: International Conference on Human and Social Sciences. ISSUE 82. Dubai 22-23 October, 2013. – P 990-994. 12. Интегрированные уроки в начальных классах// Материалы II международной научно-практической конференции «Развитие творческого потенциала личности и общества» Научно-издательский центр «Социосфера» Пензенский государственный университет, Прага 17–18 января 2014. – С 118-122. 13. Пәнаралық интеграция арқылы бейнелеу өнерінде оқушылардың оқу-танымын арттыру// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ХАБАРШЫ журналы - №1(40), 2014. – Б 187-190. 14. Роль межпредметной интеграции в формировании мировоззрения младших школьников в преподавании изобразительного искусства// Материалы международной научно-практической конференции «Наука, техника и высшее образование» (Science, Technology and Higher Education) Канада, Вестмаунт 30 января 2014. – С 112-116. 15. Бастауыш білім мазмұнын интеграциялау мәселесі// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

ХАБАРШЫ журналы - №1(41), 2014. – Б 162-165. 16. The Usage Of The Innovative Pedagogical Technology In The Process Of Teaching Mathematics For Primary School Pupils// Life Science Journal (Life Sci J) [ISSN:1097-8135 Volume 11 (3):17-22] (ISSN:1097-8135). 4 (Thomson Reuters IF = 0.165; Scopus IF = 0.133); 17. Formation of primary schoolchildren's worldview through interdisciplinary integration in teaching fine arts// Life Science Journal Life Sci J [ISSN:1097-8135 2014;11(4s): 161-164]. (ISSN:1097-8135). 23 (Thomson Reuters IF = 0.165; Scopus IF = 0.133);

#### **Диссертацияның құрылымы**

Диссертация кіріспеден, 2 бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің көкейкестілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты, нысаны, пәні анықталады, зерттеу міндеттері мен болжамы құрылымы, әдіснамалық негізі, басты идеясы, ғылыми жаңалығы, практикалық мәнділігі, зерттеу әдістері көрсетіледі, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеулер нәтижелерінің дәйектілігі баяндалады.

**«Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттырудың теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімде философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік зерттеулерді талдау негізінде «білімі», «білім сапасы» ұғымдарының мәні, оны жетілдірудің теориялық негіздері, оқушылардың білім сапасын арттыруда интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негіздері анықталады; бастауыш сынып оқу пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың білім сапасын арттырудағы: педагогикалық үдеріс моделі, оқыту үдерісінің схемасы және дидактикалық шарттар негізделеді.

**«Оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудың әдістемесі және тәжірибелік-педагогикалық эксперименттің нәтижелері»** атты екінші бөлімде бастауыш сыныптарда оқу пәндерін интеграциялап оқытуға бағдарланған білім беру мазмұнының қазіргі жай-күйі мазмұндалады, оқушылардың білім сапасын пәндерді интеграциялау негізінде арттыру әдістемесі нақтыланып, соған сәйкес ұйымдастырылған тәжірибелік-педагогикалық эксперимент мазмұны сипатталады.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Қосымшада** пәнаралық байланыс іскерліктері бойынша материалдар, Қазақстан, Ресей, Түркия елдерінің базалық оқу жоспары, бастауыш білім берудің мазмұны бойынша оқу пәндерінің атауы, мақсаты, міндеттері және оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар тізбесі, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сауалнама мен практикалық тасырмалар мазмұны ұсынылды.